

## ҚОЗЫБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

Жақын арада мұнда болашақ инженерлер, дәрігерлер, технологтар, IT және ауыл шаруашылығы саласындағы мамандар білім алатын болады. Заманауи зертханалар жастарға тек білім алуға ғана емес, сонымен қатар аймақ үшін басым ғылыми бағыттар бойынша зерттеулер жүргізуге де мүмкіндік береді.

«Жабдық толығымен жергілікті өндіріс үшін жасалды, осылайша болашақ жұмыс орныңызға келгенде, күн сайын университетте оқығандағыдай технологиялық деңгейде айналыса аласыз. Мысалы, сүт фермаларында жұмыс істеуге баратындар сүт сараптамасын қалай жасау керектігін, осы процестің параметрлері мен сипаттамалары қандай екенін біле алады. Мұның бәрі оқу бағдарламаларын игеру кезінде зерттелетін болады», - деді Қозыбаев университетінің Басқарма төрағасы – Ректор Ерлан Шуланов.

Бой көтеріп жатқан 11 қабатты кешен заманауи жабдықтар мен озық педагогикалық технологияларды біріктіріп, талапкерлерді тартуға оң септігін тигізбек. Жаңа ғимарат құрылысының қажеттілігі студенттер контингентінің өсу динамикасымен байланысты. Сондай-ақ, білім алушылар үшін тағы екі жатақхана салу жоспарланған. Жалғасы 4-бетте



Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Ақсақалов өңірдің жастарымен бірге Петропавлда салынып жатқан нысандардың құрылыс жұмыстарымен және істеп тұрған өндіріс кәсіпорындарын аралады. Меймандар облыс орталығы бойынша сапар барысында Қозыбаев университетінің жаңа оқу-зертханалық корпусына да ат басын бұрды.



**КАФЕДРЕ «ЖУРНАЛИСТИКА»  
KOZYBYE UNIVERSITY – 5 ЛЕТ!**

Ровно 20 лет назад была открыта образовательная программа «Журналистика» на государственном казахском языке, а также 5 лет назад была создана кафедра «Журналистика» в Северо-Казахстанском университете имени Козыбаева, в одном из старейших учебных заведений Республики Казахстан.



## ПЕТРОПАВЛДАҒЫ ҚОЗЫБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНЕ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕ МӘРТЕБЕ БЕРІЛГЕНІ ЖӨН

Қозыбаев университетінің еліміздің Солтүстік аймағына қоныс аударатын жастардың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен техниканың жетістіктері негізінде қалыптасуына, дамуына және кәсіби орнығуына елеулі үлес қосатын ерекшелігі басты назарға алынуы керек.

# БІРДЕ-БІР СТУДЕНТ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛҒАН ЖОҚ

Ерлан ШУЛАНОВ,

«Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы – Ректоры.

Университеттің қызмет көрсету орталығы сағат 23:00-де Петропавлға кешкі поезддан келіп түсіп, бірден жатақханаға алуға бет алған екі жүз студентті орналастырғаннан кейінгі көрініс осындай.

Көріп отырғаныңыздай, бірде-бір студент назардан тыс қалған жоқ. Бәріне бірдей көмек пен қолдау көрсетілді.

...Сіз жатақханаға орналасу критеріі бойынша сәйкес келмейсіз...

...Қолжетімді бағаға баспана тауып үлгерген жоқсыз...

Студенттерге университет қабырғасында түнеп шығуға рұқсат уақытша орын берілді (СҚО СЭБД мені кешірсін).

Осы қағида бойынша университет ұжымы мен ерікті жастар алғашқы студенттер легінің келген күнінен бастап, кей күндері тіпті тәулігіне 12-14 сағат жұмыс істеп келеді.

Жауаптылармен бірге біз университет қабырғасында соңғы студент тұрақты орын табылғанша қалып, жұмыс істейміз.

Дегенмен, соған қарамастан!!!

Бұл күндері жергілікті БАҚ өкілдері университеттегі жағдайдың мән-жайын түсініп алмастан түрлі шағымдар жасай бастады.

Ең өкініштісі, олардың алдына шығып өзекті емес, тіпті кейде шындыққа жанаспайтын ақпаратты жоққа шығаруға мүмкіндік те болмады.

2-3 сұхбатта мәселенің себептерін түсіндіру әрекеттері жағдайды біржақты көрсетумен аяқталды.

Дей келе, сыни тақырыптағы жаңалықтар ерқашан жақсы рейтингтерге ие екенін түсінеміз.

Өкінішке қарай, университетіміздің абыройы мен беделін қорғаудың орнына, уақытымыз үнемі қосымша орындарды іздеуге, мемлекеттік органдар мен жергілікті СЭБД мамандарымен кездесулерге жұмсалды.

Сондықтан туындаған мәселенің мән-жайын түсіндіріп кетуді ұйғардым.

1. Жатақханалардағы жағдай қандай?

Жатақханаларда 1114 орын бар.

Бірінші күні біраз мәселелер туындағаннан кейін, вице-министр Қуаныш Ерғалиев, облыс әкімінің орынбасары Асқар Сақыпкереев және өңірдің бас санитарлық дәрігері Әсет Жұматаевтың қолдауының арқасында санитарлық нормалардың тамыздағы шектеулерін түзетуге және қоныстанудың 50%-ы туралы критерийді алып тастауға қол жеткізілді.

Барлық жатақханаларға толық орналасуға мүмкіндік берілді.

Бұған қарамастан, барлық білім алушы орынға ие бола алмады.

Өкінішке орай, бұл жыл сайын туындайтын мәселе. Себебі, 1 мың орынға 3 өтінім және электрондық формат арқылы өтінім беру мүмкіндігінің тиімді пайдаланылмауынан болып отырған жағдай.

2. Жатақханада кім орналасты?

Университет әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ететін топтарға басымдық береді: (1) жетім балалар мен мүгедек

балаларға, (2) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, (3) квота санатындағы балаларға және қандастарға, (4) грант иегерлеріне, (5) аз қамтылған отбасыдан шыққан балаға.

Сондай-ақ, ең алдымен бірнеше критерийге сәйкес келетін, мәселен, бірінші курс студенті және көмелетке толмаған жастар жатақханаға орналастырылады. Мұндай кезде, тіпті грант иегері де бірден студенттік үйден бөлме ала алмай қалып жатыр.

Осы себепті, бүгінгі таңда жатақханада кем дегенде 1-2 басымдыққа сәйкес келетін адамдар және қалаға алғаш рет келген азаматтар тұрады.

Бұл ақпаратқа күмәндансаңыздар немесе өзге ақпарат қолыңызда болса, біз тез арада кез-келген адам туралы мәліметті тексеруге дайынбыз.

3. Қандай жүйемен мәселені шеше аламыз?

Өткен ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап университетте бірде-бір жатақхана салынбаған.

50 жылдың ішінде биыл алғаш рет 1200 орындық 2 жатақхана бой көтермек.

300+ орындық жатақхана бойынша инвесторлармен жұмыс жүргізіліп келеді.

Облыс әкімдігімен 200+ орындық тағы бір жатақхананы беру мәселесі талқыланып жатыр.

Жатақхананың күрделі жөндеуден өтпегеніне 10-15 жыл. Осы жылдың басында 2021-2022 жылдары барлық студенттік жатақханаларды күрделі жөндеуге қаражат бөлінді.

Бұл мәселені кезінде бұрынғы ректор Серік Өмірбаев көтерген болатын.

Сондықтан, мәселені жүйелі түрде шешудің ұзақ мерзімді жоспары жоқ деп айтқандардың бәрі қателеседі.

Әрине, егер әр он жыл сайын университет кем дегенде бір жатақханамен толықтырылып отырса, бүгінде мұндай мәселе болмас еді.

4. Неліктен университет басқа шешімдерді ойлап таппады?

Біз жасадық, жасап келе жатырмыз және өз ісімізді жалғастырамыз!

Жеке меншік иелерімен келіссөздер негізінде 350-400 қосымша орын таптық.

Көптеген баспаналар мен ғимараттарды тауып едік, бірақ олар СЭБД талаптарына сәйкес келмеді. Яғни, бұл жерлерге білім алушыларды орналастыруға болмайтындығы анықталды.


Өкінішке қарай, қалада жатақханалар жоқ, ал, қонақ үйлердің көпшілігі 3 және 4 жұлдызды мәртебеге ие. Олардың күнделікті құнын 10 мыңнан 2,5 мыңға дейін төмендету туралы келісімге келдік.

Иә, бұл – мәселенің толық шешімі емес және көптеген жеке кәсіпкерлер мұндай шарттарға келісе бермейді. Бұл жеке бизнес болғандықтан, біз ештеңе дей алмаймыз.

5. Бұрын жағдай қалай болды?

Бұрын студенттердің көп бөлігі пәтерді оңай жалға алатын.

Биыл тамыз айында 1 бөлмелі пәтердің орташа құны 100 мың теңгеге дейін өсті, оған



қоса риелторлар өз қызметтері үшін тағы қаражат төлеуді сұрап отыр.

Қандай жағдай болмасын бір бөлмеге 4/5/6 адам бірге тұруға болмайды. Бұл балалардың денсаулығымен тікелей байланысты, әсіресе КОВИД індетінің күрт өсу үстінде тұрмыз.

Бұл жағдайдан қандай қорытынды жасалды:

Жаңа ғимараттар салынуы қажет!

Ал, әзірге жалға алуға болатын пәтерлерді қарастыратын боламыз.

Осындай қиын жағдайда, мойындағым келетіні: біз барлық студенттер мен ата-аналардың алдында кінәліміз. Сондай-ақ, осы уақыт ішінде елімізде 1000 жатақхана салынбағаны үшін кінәліміз. Жақын арада бұл мәселе де шешіледі деген сенімдеміз.

Екінші кезекте, мен студенттермен бірге болған барлық оқытушылар мен декандарға алғысымды білдіргім келеді. Өйткені олар білім алушылармен бірге соңына дейін болды. Алтын Шаяметова, Сергей Пашков – декандардың қандай болу керектігінің үлгісі.

Бұл жағдайда сіздер кінәлі емессіздер, дегенмен сіздер жауапкершіліктеріңізді көрсеттіңіздер.

Жатақханадағы бөлмелерді бөлуге жауапты комиссия мүшелері мен ерікті студенттердің де жұмысын атап өткен жөн.

Постты репостпен қолдауды сұраймын. Келесі постта мәселенің мән-жайын тағы жүйелі түрде анықтауға тырысамыз.

Бізді қолдап, қолымыздан келгенінше бар жағдайды жасап жатқанымызды түсінген жандарға рахмет!

Петропавл.

2021 жылғы 04 қыркүйек.



# НИ ОДИН СТУДЕНТ НЕ ОСТАЛСЯ БЕЗ ВНИМАНИЯ, ПОМОЩИ И ПОДДЕРЖКИ

Слабонервным и чувствительным не читать данный лонгрид!



Вот так выглядит опустевшая зона обслуживания студентов в 23.00 после того, как проведено расселение двух сотен студентов, прибывших вечерним поездом в Петропавловск и поехавших прямоком в университет, чтобы получить место.

Как видите, ни один студент не остался без внимания, помощи и поддержки. Ни кого не бросили наедине с проблемами.

...не подходишь под критерии заселения...

...не успел найти жильё по приемлемой цене...

На крайний случай в университете дадут временное место, чтобы переночевать (да простит меня СЭС).

По этому принципу коллектив университета и волонтеры-студенты работают со дня приезда первых студентов. Работают ответственно, порой самоотверженно по 12-14 часов в сутки. Вместе с ответственными лицами мы в стенах университета пока в здании находится хоть 1 студент без определенного статуса.

Но тем не менее!!!

В эти дни на весь университет вылился ушат обвинений от СМИ, без разбора ситуации.

Самое обидное, что эти дни действительно не было возможности выйти и опровергнуть устаревшую, не актуальную и порой не соответствующую действительности информацию.

2-3 попытки дать расклад в интервью и объяснить причины закончились односторонней демонстрацией ситуации.

Я понимаю, новости с критическим заголовком в стиле «посмотрите какой бардак» всегда имеют хорошие рейтинги.

К сожалению, вместо защиты репутации вуза все время было брошено на поиск дополнительных мест. Десятки, сотни звонков, встреч, выездов на объекты, встреч в СЭС и госорганах.

Поэтому простите за трату Вашего времени. Но ещё раз по полочкам!

1. Какая ситуация с общежитиями?

Сформировано 1114 мест в общежитиях при полной проектной мощности.

Была заминка в первый день, но благодаря оперативной поддержке вице министра Куаныша Ергалиева, зам. акима области Аскара Сакипкереева и регионального санврача Асета Жуматаева в тот же день

добились корректировки августовских ограничений санитарных норм и снятия критерия о 50% заселении.

Все общежития заселяются по полной проектной мощности.

Но, несмотря на это не все смогли получить места. И, да так бывает, к сожалению, каждый год. Причина простая: 3 заявок на 1 тысячу мест и неиспользование возможности подать заявку через электронный формат.

2. Кто же заселился в общежития?

Университет приоритетно и в порядке очереди даёт места самым уязвимым: (1) детям-сиротам и детям инвалидам, (2) детям оставшимся без попечения родителей, (3) квотной категории и кандасам, (4) грантникам, (5) малообеспеченным.

Фокус: первый курс и несовершеннолетние. Самые первые идут те, кто имеет несколько критериев сразу, поэтому даже просто грантники не могут заселиться сразу.

По этой причине на сегодня заселены, кто соответствует минимум 1, а ещё зачастую 2 приоритетам и впервые приехал в город.

Кто сомневается или имеет другую информацию, оперативно проверим статус любого.

3. Как насчёт системного решения вопроса?

Большинство общежитий построено очень давно. Последние несколько лет заложены основы для новой большой стройки.

Долгожданное строительство реализуется в 2021 году – 2 общежития на 1200 мест.

Идут работы с инвестором по общежитию на 300+ мест.

Ведётся обсуждение с акимом области по передаче ещё одного строящегося общежития на 250+ мест.

Капремонт общежития, за исключением одного не видели уже очень давно. В начале этого года заложили средства на капитальный ремонт в 2021-2022 гг. всех студенческих общежитий.

Эти вопросы поднимались еще предыдущим ректором Серик Омирбаев, который начинал работу в этом направлении.

Так что всем кто говорит, что нет долгосрочного планирования и видения как системно решать вопрос, Вы ошибаетесь.

Конечно, если бы каждые десять лет университет пополнялся бы хоть ещё одним общежитием, такого масштаба у этой проблемы сегодня бы не было.

4. Почему университет не предпринимал ничего другого?

Делали, делаем и будем делать!

350-400 дополнительных мест созданы на основании переговоров с частными владельцами.

Много помещений и зданий, которые нашли, не соответствуют требованиям СЭС и туда заселять детей нельзя ни при каких условиях. К сожалению, в городе практически нет хостелов, а гостиницы в основном 3 и 4 звезды, поэтому получилось договориться только о снижении посуточной стоимости с 10 до 2.5 тыс. Да это не решение, и многие

не могут позволить такие условия. Но это частный бизнес и мы не можем навязать свою волю

5. А как было раньше и почему проблема не было острой?

Раньше большая доля студентов легко размещалась арендуя квартиры.

Но в этом году в августе до 100 тыс. тенге подросла средняя стоимость 1 комн. квартиры, плюс риелторы добавили сверху маржу за свои услуги.

И да заселять в комнату по 4/5/6 человек ни в коем случае нельзя. И это не игра с нормами СЭС. Это здоровье детей, которое нельзя сознательно подвергать опасности, особенно в период очередного роста заболеваемости КОВИД.

Конечно, есть ещё ряд системных факторов, как реализация проекта «Серпін».

Какие выводы были сделаны из этой ситуации? Надо строить, строить и строить!!!

Будем искать варианты для аренды, по примеру тех вариантов, которые были найдены.

Во всей этой сложной ситуации хотелось бы признать: мы очень виноваты перед всеми студентами и родителями. Виноваты за то, что все это время в стране не было построено условно 1000 общежитий по стране. И надеюсь, уже в ближайшей перспективе мы исправим это.

Во вторую очередь мне хочется поддержать всех преподавателей и деканов, которые были рядом со студентами все время пока они не было устроены тем или иным образом.

Алтын Шаяхметова, Сергей Пашков – примеры того, какими должны быть деканы.

Это не ваша вина в этой ситуации, но вам пришлось выдержать основную моральную и физическую нагрузку.

Большая благодарность всем студентам-волонтерам, которые помогают до позднего времени в комиссии по распределению. Им приходится много выслушивать от своих одноклассников, что они не могут помочь им.

Большая просьба поддержать репостом. Следующим постом попробуем ещё раз системно разобраться почему произошло все это.

Спасибо тем, кто разделяет наши усилия и понимает, что мы делаем всё возможное.

**Ерлан ШУЛАНОВ,**  
Председатель Правления  
– Ректор некоммерческого  
акционерного общества «Северо-  
Казахстанский университет  
имени Манаша Козыбаева»

# ҚОЗЫБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

## МОДЕРНИЗАЦИЯ KOZYBAYEV UNIVERSITY ИДЕТ ПОЛНЫМ ХОДОМ

Жақын арада мұнда болашақ инженерлер, дәрігерлер, технологтар, IT және ауыл шаруашылығы саласындағы мамандар білім алатын болады. Заманауи зертханалар жастарға тек білім алуға ғана емес, сонымен қатар аймақ үшін басым ғылыми бағыттар бойынша зерттеулер жүргізуге де мүмкіндік береді.

«Жабдық толығымен жергілікті өндіріс үшін жасалды, осылайша болашақ жұмыс орныңызға келгенде, күн сайын университетте оқығандағыдай технологиялық деңгейде айналыса аласыз. Мысалы, сүт фермаларында жұмыс істеуге баратындар сүт сараптамасын қалай жасау керектігін, осы процестің параметрлері мен

сипаттамалары қандай екенін біле алады. Мұның бәрі оқу бағдарламаларын игеру кезінде зерттелетін болады», - деді Қозыбаев университетінің Басқарма төрағасы – Ректор Ерлан Шуланов.

Бой көтеріп жатқан 11 қабатты кешен заманауи жабдықтар мен озық педагогикалық технологияларды біріктіріп, талапкерлерді тартуға оң септігін тигізбек. Жаңа ғимарат құрылысының қажеттілігі студенттер контингентінің өсу динамикасымен байланысты. Сондай-ақ, білім алушылар үшін тағы екі жатақхана салу жоспарланған.



#KozybayevUniversity#KU  
www.nku.edu.kz

### Новый учебно-лабораторный корпус

Kozybayev University стал одним из объектов, который посетил аким Северо-Казахстанской области Кумар Аксакалов в рамках пресс-тура с молодежью по строящимся объектам и действующим производствам региона.

Гости поднялись внутрь возводимого корпуса, где уже можно увидеть расположение аудиторий и атриум в центре здания. Совсем скоро здесь будут заниматься будущие инженеры, медики, технологи, специалисты в сфере IT и сельского хозяйства. Современные лаборатории позволят ребятам не только обучаться, но и вести исследования по приоритетным для региона научным направлениям.

«Оборудование сделано целиком под местное производство таким образом, что, когда вы придете на свои будущие рабочие места, вы ежедневно сможете заниматься на таком же технологическом уровне, на котором вы учились в вузе. Например, те, кто поедет работать на молочные фермы, уже будут знать, как делать молочный анализ, какие есть параметры и характеристики у этого процесса. Все это будет изучаться во время освоения учебных программ», - рассказал Ерлан Шуланов, председатель Правления – Ректор Kozybayev University.

11-этажный комплекс совместит современное оборудование с передовыми педагогическими технологиями и станет подспорьем для привлечения абитуриентов. Необходимость его строительства связана с динамикой роста контингента студентов. Также планируется возведение еще 2 общежитий для обучающихся.



## МӘЖІЛІС ДЕПУТАТТАРЫ «СЕРПІН» ЖОБАСЫНА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕ КӨТЕРДІ

2021 жылдың 01 қыркүйегінде ҚР Парламенті Мәжілісіндегі «Nur Otan» партиясы фракциясының депутаттары Мәди Ахметов және Елнұр Бейсенбаев ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Е.Л. Тоғжановқа «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» («Серпін») жобасына байланысты депутаттық сауал жолдады.



Депутаттық сауалда былай делінген: «Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір» сайлауалды бағдарламасында жас мамандарды қолдауға, жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етуге басымдық берілген.

Осы бағытта Елбасының тапсырмасына сәйкес 2014 жылдан бастап оңтүстік түлектерінің солтүстік аймақтарда тегін білім алуына және ішкі көші-қонды реттеуге, жұмыс күші тапшылығын азайтуға бағытталған «Серпін» жобасы іске асуда.

Әлеуметтік жоба аясында кадрларды даярлау еліміздің 25 жоғарғы оқу орнының базасында жүргізілуде.

Осыдан 7 жыл бұрын үлкен қарқынмен бастау алған жоба жыл өткен сайын бәсеңдеп, бітіруші түлектердің қызығушылығы төмендеуде.

Соңғы 6 жылда «Серпін» жобасын жүзеге асыруға мемлекеттік бюджет есебінен бөлінген 25,7 млрд. теңге қаржының жұмсалу тиімділігі ешқандай сын

көтермейді. Уақытылы қаржыландыруға қарамастан тұрақты жұмыс, үй мәселесі әлі күнге дейін шешімін таппаған.

Ең екіншісі, жоба түлектерінің тек төрттен бір бөлігі білім алған аймақтарда тұрақталған. Мысалы, Павлодар қаласына 2018 жылы оқуға түскен

студенттердің 70% оңтүстік аймаққа қайта оралған.

Аталған мәселе біздің фракция депутаттарымен Мәжіліс қабырғасында бірнеше рет көтерілді. Тіпті, бірінші сессияның жабылуында Білім және ғылым министріне нақты сауал жолданған болатын.

Әріптестерімің сынынан кейін жобаны жетілдіру үшін Министрлік жанынан құрылған жұмыс тобының бір ғана отырысы өткен, екі айда атқарылған іс осымен шектеліп тұр.

Осыдан он күн бұрын Солтүстікке барып, жағдайды бағамдап, «баяғы жартас, сол жартас» екенін, нақты нәтиженің жоқтығына көзім жетті.

«Серпін» бойынша Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетін биыл бітірген 237 түлектің тек 31-і ғана тұрақты жұмыспен қамтылған. Ал қалған 200-ден астам маман мемлекет қолдауынан тыс қалып отыр. Сонда келер жылы бітіретін 342 жас маманның тағдыры не болмақ? Бұл еңбек нарығындағы мамандар қажеттілігі мен кадр даярлау ісі арасында ешқандай байланыс жоқ екенің айқын дәлелі.

Жобаны жүзеге асыру бойынша бар жауапкершілік тек аймақтық университеттердің мойнына жүктелген. ЖОО-ның негізгі миссиясы кадрды даярлап шығару. Жұмыспен қамту,

қолайлы жағдай жасау жергілікті атқарушы биліктің міндеті.

Жоба жұмыссыздар санын азайтудың орнына орта жолдан оқуын тастап, туған өлкесіне оралған NEET санатындағы жастардың санын көбейтуде.

Осының барлығын көре отырып, Білім және ғылым министрлігі ешқандай сараптама жүргізбестен 2021-2023 жылдарға жобаны жүзеге асыруға бюджеттен 32,7 млрд. теңге жұмсауды қарастырып отыр. Егер жоба алдағы уақытта еш өзгеріссіз жүзеге асатын болса, бұл мемлекеттік қаржыны ауаға шашумен тең.

Жоғарыда баяндалған жайттардан кейін дабыл қағуға мәжбүрміз! Жалпы, айта-айта жауыр болған тақырыпқа нүкте қою керек. Бұл уақыт күттірмейтін, нақты шешімін табуы тиіс мәселе. Мыңдаған жастардың болашақ тағдырына немқұрайлы қарауға болмайды. Бұл еліміз үшін стратегиялық маңызы жоғары жоба екенін бүгін Мемлекет басшысы жолдауында шегелеп көрсетті.

Егер жоба басы бар, аяғы жоқ бастамалар қатарына кірмесін десек, кеш болмай тұрғанда «Серпін» жобасының болашағын айқындап, бағыт міндеттерін жүйелеп, жетілдіріп, іс жүзінде нәтиже беретін, жастарға қолайлы механизм жасақтау қажет.

Ол үшін нақты ұсыныстарымыз бар:

- «Серпін» түлектеріне тек оқыған аймағында емес, көршілес жатқан елді мекендерде жұмыс жасауын ойластырған жөн;

- Жас мамандарға арнап бастапқы кезеңде ақысы төмен, тым болмағанда жатақханамен қамтамасыз ету қажет;

- Жас маман солтүстік аймақта отбасын құрған жағдайда оған жергілікті әкімшіліктен көтерме жәрдемақы тағайындау керек;

- 3 жылдық еңбек өтемі аяқталған соң қолайлы шартпен қолжетімді баспаналы болуын ойластыру маңызды.

Осы мәселелерді қарап, нақты шешімдер қабылдап, нәтижесін заңда көрсетілген мерзімде хабарлауыңызды сұраймыз.

Құрметпен,  
М. Ахметов, Е. Бейсенбаев,  
«Nur Otan» партиясы фракциясының депутаттары.  
Нұр-Сұлтан қаласы.



## МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ БІЛІМ ҰШТАСҚАН МҰРАЖАЙ ЖАҢАРТЫЛАДЫ

**Зәуре Кеңесқызы ҚАРТОВА,**  
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру» әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер институтының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

**Ботагөз Сапарқызы ҚОЖАБЕКОВА,**  
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті тарихы музейінің жетекшісі

2021 жылы белгілі тарихшы академик Манаш Қозыбаевтың 90 жылдық мерейтойы аталып өтеді. «Жақсының аты өлмейді» дегендей, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 мамырдағы қаулысымен Солтүстік Қазақстан университетіне Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың есімі берілгені белгілі.

Ұлы ғалымның жеке тұлға ретінде қырлары өте кең және ауқымды. Ол өзінің өмірлік жолымен кәсіби тарихшы қандай болуы керектігін көрсете білді. Кәсіби маман борышын адал және шынайы орындады. Тарихшылардың жас буыны одан өзінің болашақ мамандығының барлық қыр-сырларын үйренуі тиіс. Ол ағартушылық қызметпен айналысты, Қазақстанның ғылыми тарихи ой-санасын ұйымдастырушы және сақтаушы, бұқаралық ақпарат құралдарында белсенділік танытқан. «Тарихшы, идея генераторы, ойшыл, қоғам қайраткері Манаш Қабашұлы Қозыбаев отандық және әлемдік ғылымда дәл осылай қабылданды», - деп ол туралы тарихшы-археолог Карл Молдахметұлы Байпақов жазды.

Оның терең және талапты ақыл-ойы барлық қоғамға белгілі болды. Ғалымды біз біріншіден әріптес ретінде қабылдасақ, функционалдық міндеттері негізінде шектелмей, оқу шеңберінен әрі өзінің қызметтік міндеттерін қатар атқарды. Сондықтан ғылыми қоғамдық өмірдің түрлі салаларында табысқа жетіп отырды.

Өңіріміздегі іргелі оқу орны М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті тарихы музейінің қазығы 1977 жылы қағылды. 84 жылдан астам уақыт бойы мыңдаған түлектерді тәрбиелеген білім шаңырағының тарихын, жеткен жетістіктері мен бағындырған биіктерін музей серелерінде жайғасқан заттардан аңғаруға болады.

2007 жылы университетімізге Солтүстік Қазақстан облысының орталығы Петропавл қаласындағы Абай көшесі, 16-үй мекенжайында орналасқан тарих және сәулет ескерткіші ғимараты берілген болатын. Бұл нысанға жөндеу және қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Қайта жөндеуден өткен университет музейі ел егемендігінің 20 жылдық мерекесін атап өту шеңберінде салтанатты түрде ашылды.

Музейдің жәдігерлері М. Қозыбаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған, археология және этнология, мұғалімдер институты, педагогикалық және политехникалық институттар, Солтүстік Қазақстан университеті, М. Қозыбаев атындағы СҚУ тарихына арналған залдар бар. Университет өміріне қатысты мол деректерді студенттерге арналған дәріс залындағы мультимедиялық кешен арқылы көруге болады. Онда университеттегі әр факультеттің, кафедра мен мамандықтың білім ордасы құрылған 1937 жылдан бастап қазіргі күнге дейінгі тарихы қамтылған.

Сонымен қатар тарлан тарихшы Манаш Қозыбаевтың өмірі мен шығармашылығына, археологиялық қазба жұмыстарына арналған деректі фильмдері көрсетіледі. Залда дәрістер, кездесулер, тақырыптық кештер, көрмелер ұйымдастырылады.

Университеттің оқытушылары мен студенттері үшін залда академиктің жастық, бозбалалық шағын, өмірінің соңына дейін

атқарған іргелі жұмыстарынан хабар беретін суреттер, ғылыми еңбектері, фотоматериалдар мен бейнематериалдары, жеке заттары жинақталған. Бұл зал академиктің зайыбы Сара Пішенбайқызының тікелей басшылығымен ұйымдастырылды.

Музейдің тарих бөлімінде университеттің материалдық базасының дамуы мен қалыптасу кезеңдерін, ғылыми-педагогика кадрларының өсуін бейнелейтін құжаттар, фотосуреттер, альбомдар қойылған. Ғылымда, спортта айтулы белестерді бағындырған университет мақтаныштары да назардан тыс қалмаған.

Музейге еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың, Салық Зиманов, Кенжеғали Сағадиев, Аманжол Қошанов сияқты, тағы да басқа академиктердің, Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев сынды қазақтың мақтаныштарының, Дүкенбай Досжан, Кәкімбек Салықов бастаған ақындар мен жазушылардың құрметті қонақ болғаны біз үшін мақтаныш әрі сүйініш.

Мәдени мұраның үлкен бір бағыты – археологиялық қазба жұмыстарын жүйелі сипатта жүргізіп, еліміздің, жеріміздің, халқымыздың тарихына қатысты мұрағаттарды жинастыру. СҚУ тарихы музейіндегі археология және этнология залында тарих факультетінің археологиялық және этнологиялық-этнографиялық экспедициясы зерттеулерінің материалдары жинақталған.

Өзінің 45 жылдан астам тарихы бар солтүстікқазақстандық археологиялық экспедиция қазақстандық археологтарға, жақын және алыс шетелдердің ірі ғылыми оқу орталықтарының мамандарына жақсы таныс. Бірқатар жылдар бойы экспедиция мүшелері АҚШ-тың, Ұлыбританияның, Германияның, Ресейдің және басқа да елдердің жетекші ғалымдарымен бірлесіп зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Музей бөлімінің археологиялық экспозициясы экспедиция тарихымен таныстырады, палеолиттен бастап ерте темір ғасырына дейінгі зерттеу материалдарын ұсынады. Экспозицияларда Ботай энеолитикалық тұрақ және ерте темір ғасырының Байқара зираты сияқты ерекше археологиялық ескерткіштері материалдарына баса назар аударылған.

Солтүстікқазақстандық археологтар ұсынған материалдар «көшпелік өркеніте» тұжырымдамасын дәлелдеп берді. Біздің ғалымдарымыздың көп жылғы зерттеулері Солтүстік Қазақстанда тас ғасырының соңына тасан оның қалыптасуына барлық жағдайдың жасалғанын көрсетіп берді. Этнологиялық экспозицияларда Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің этнологиялық-этнографиялық экспедицияларының материалдары шоғырланған. Экспедиция өзінің өмір сүрген қысқа мерзімінде материалдарды іздегіру, оларды жіктеу, өңдеу жолында орасан зор жұмыс істеді, олардың ішіндегі ең құндылары экспозицияда өз орындарын тапты.

Солтүстік Қазақстан университеті тарихы музейіндегі археология және этнология залында тарихи ескерткіштер мен археология құндылықтарының тарихына, олардың құрылымына және дамуына арналған материалдарға ерекше орын берілген. Мыңдаған студенттер мен мектеп оқушыларының



КӨП

жылдар бойына археологиялық экспедицияларға қатысуы болашақ ұрпаққа тарихи сананы қалыптастыруда орасан зор маңызы бар. Туған өлкеміз бен Қазақстан Республикасының бай көне тарихына мақтаныш сезімін тудырады.

Университеттің тарихына арналған, археология және этнология залдары болашақ ұрпаққа тарихи сананы қалыптастыруда орасан зор маңызы бар. Өз Отанының өткенін ғана емес, әр дәуірде өмір сүрген тарихи қайраткерлерін танып білу де – бүгінгі және өмірге келетін жеткіншек ұрпаққа аса қажет. Бабалар даналығынан үйреніп, ұлы қасиеттерін ұғынып, асыл істерінен өнеге алып өскен әрбір өрен келешекке кемел көз тастайды, елдік дәстүр-салтты, ерлік даңқын қастерлеп, құрметтейді. Отанының патриоты, саналы күрескер азаматы болып тәрбиеленеді.

Өзінің мыңдаған түлектерін өмірге қанаттандырған М. Қозыбаев атындағы СҚУ тарихы музейі білім ордасының рухани мәдениетін, әдебиетін, тарихын жас ұрпақ бойына сіңіруде, оларды отанылдыққа, елжандылыққа үндеуде орасан зор рөл атқара беретініне сеніміміз зор.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, академик М. Қозыбаевтың 90 жылдығына орай университеттің тарих музейінің бірінші қабатында жөндеу жұмыстарын жасап, қазіргі заман талабына сай келетін өзгертулерді іске асырмақпыз. Бірінші қабатта орналасқан археология және этнология, Манаш Қозыбаев залы, дәріс залдары жөндеуден өтеді. Дәріс залы студенттер үшін демалатын, лекция тыңдайтын орын болады. Аталған жұмыстарға университеттің тарапынан арнайы қаржы бөлінді.

Бүгінгі таңда Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің мұражайы ғылым, мәдениет және білім орталығына айналғаны сөзсіз. Өткен тарихты насихаттап жүрген мұражай – қазіргі заманғы білім беру жүйесінің инновациялық жетістіктерін іске асырудың бір ошағы, ғылым, мәдениет және білімнің ұштасқан жері.



# СТУДЕНТЫ БУДУТ ОБУЧАТЬСЯ ПО МЕТОДИКАМ ПРОФЕССОРОВ ИЗ ИЗРАИЛЯ

Четыре преподавателя кафедры «Агрономия и лесоводство» Агротехнологического факультета Kozybayev University прошли профессиональную стажировку на тему: «Передовые технологии орошения и защиты растений» в международном центре «MASHAV» при Министерстве иностранных дел Израиля. Всего из СКО данный курс посетили 11 человек: сельхозтоваропроизводители, педагоги и представители агроформирований. Десяти дневное обучение сочетало в себе теоретическую и практическую подготовку с выездом на производства Израиля.

В рамках программы были прослушаны интересные лекции по принципам и системам капельного и спринклерного орошения, интегрированной защиты растений. Изучены методы полива под давлением, борьбы с вредителями, проектирования теплиц, а также методы выращивания, хранения и переработки сельхозпродукции и многое другое.

Полученный опыт преподаватели Kozybayev University планируют транслировать студентам в рамках учебных дисциплин «Растениеводство», «Земледелие» и «Почвоведение».

#KozybayevUniversity#KU

[www.nku.edu.kz](http://www.nku.edu.kz)



Полученный опыт преподаватели Kozybayev University планируют транслировать студентам в рамках учебных дисциплин «Растениеводство», «Земледелие» и «Почвоведение»

## Қ О З Ы Б А Е В УНИВЕРСИТЕТІ МЕН «ӨРЛЕУ» АРАСЫНДА ӨЗАРА КЕЛІСІМ ЖАСАЛДЫ

Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапарымен «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы Әсел Мұхаметжанова келді. Ол Қозыбаев университетіне де ат басын бұрып, жоғары оқу орнымыздың басшылығымен кездесу барысында ынтымақтастық туралы екі жақты меморандумға қол қойылды. Бұл құжат орта, кәсіптік-техникалық және жоғары білім беру қызметкерлерінің

біліктілігін арттыруға және кәсіби шеберлігін жетілдіруге үлкен мүмкіндік бермек.

Енді «Өрлеу» педагогтары Қозыбаев университетінің қайта даярлау және біліктілікті арттыру институтында қосымша курстардан өтіп, студенттердің дипломдық жобалары мен педагогикалық тәжірибесінің бірлескен жетекшісі бола алады. Біздің оқытушылар өз кезегінде олардың базасында білім беру технологиялары саласындағы құзыреттіліктерін арттыратын болады.

Айта кетейік, Қозыбаев университетінің қайта даярлау және біліктілікті арттыру институты – өңірдегі білім берудің негізгі әдістемелік орталықтарының бірі. Қазіргі уақытта тіпті біліктілікті арттыру курстарынан өту екінші жоғары біліммен тепе-тең болып отыр.

Меморандум арқылы екі жақты келісім одан әрі нығая түспек. Құжат білім беру саласы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мен кәсіби шеберлігін одан әрі жетілдіру бойынша білім мен тәжірибе алмасуды көздейді.

# KOZYBAYEV UNIVERSITY «ЖУРНАЛИСТИКА» КАФЕДРАСЫНА – 5 ЖЫЛ!

Журналистика қоғаммен бірге өмір сүріп, қоғаммен бірге тыныстайды. Қоғам тірлігінің тамыры қиылса, журналистика да бітіп тынады.

**Н.Михалковский**

Kozybayev University – еліміздегі терең тарихы бар іргелі жоғары оқу орны М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде мемлекеттік қазақ тілінде «Журналистика» білім беру бағдарламасы ашылғанына – 20 жыл, ал «Журналистика» кафедрасының құрылғанына – 5 жыл толып отыр.

Бұл – белгілі көрнекті қаламгер-ғалым, профессор Зарқын Сыздықұлы Тайшыбайдың табанды түрде талап етуімен жүзеге асырылған ерен еңбектің нәтижесі.

2016 жылдың 8 қыркүйегінде профессор Зарқын Сыздықұлы Тайшыбайдың бастамасымен М. Қозыбаев атындағы СҚУ Тіл және әдебиет институтының құрамында «Журналистика» кафедрасы ашылды.

Кафедра меңгерушісі болып ф.ғ.к., доцент А.Ж. Шайкенова тағайындалды. «Журналистика» кафедрасының құрамында екі кафедраның жоғары білікті оқытушылары – «Орыс тілі және әдебиеті» кафедрасынан: аға оқытушы, тәжірибелі журналист Н.Н. Копылова, аға оқытушы, журналистика магистрі Т.А. Морозова, және «Қазақ филологиясы» кафедрасынан: ф.ғ.к., профессор З.С. Тайшыбай, ф.ғ.к., профессор Г.К. Қожағұлова, магистрлер Ж. Көкбас және

Ә. Сәуірбаева болды.

2017 жылы кафедраның қатары «Орыс тілі және әдебиеті» және «Журналистика» кафедралары магистратурасының түлектері, аға оқытушы, магистр В.С. Островская және оқытушы, магистр К. Рахметпен толықты.

2018 жылдың маусымында «Журналистика» кафедрасы әлеуметтік-гуманитарлық білім бағытына қатысты болғандықтан Тарих, экономика және құқық факультетінің құрамына енгізілді.

Жоғары оқу орнымыздағы магистратураны бітірген соң 2018 жылы оқытушы, магистр М.А. Пономаренко, ал 2019 жылы оқытушы, магистр Е.Е. Оразов және оқытушы, магистр Н.К. Ахметова кафедраға келді.

Осылайша, магистратура мен докторантурада білім алған профессор-оқытушылардың қатары арта түсті (Ә.Ж. Сәуірбаева 2020 жылы «Журналистика»

мамандығы бойынша докторантураны бітіріп, 2021 жылы диссертациясын табысты қорғап шықты).

«Журналистика» кафедрасы «B042 – Журналистика және репортер ісі» білім беру бағдарламалары тобы бойынша мамандандар даярлайтын бейіндік кафедра болып табылады.

Kozybayev University-де «Журналистика» білім беру бағдарламасы бойынша студенттер қабылдау 1997 жылдан бастап жүргізіліп келеді (біліктілік – Журналист).

«Журналистика» мамандығы 1997 жылы ф.ғ.д., профессор З.П. Табакованың бастамасы бойынша «Орыс тілі және әдебиеті» кафедрасының негізінде ашылған. Өндірістен қол үзіп оқыту

мерзімі – 4 жыл. Тәжірибелік мамандану салалары – БАҚ саласындағы журналист, баспасөз орталығының қызметкері, PR-компанияның қызметкері.

«Журналистика» мамандығы бойынша қазақ және орыс тілдерінде бакалаврлар даярлау 2001 жылдан бері жүргізіле бастады.

2001 жылы профессор Зарқын Сыздықұлы Тайшыбайдың ұсынысымен М. Қозыбаев атындағы СҚУ «Журналистика» мамандығының қазақ бөлімі ашылды.

2009 жылдан бастап «Журналистика» білім беру бағдарламасының бітіруші түлектеріне әлеуметтік білім бакалавры академиялық дәрежесі беріліп келеді.







2018 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы бойынша «Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат» білім беру саласының «Журналистика және ақпарат» даярлау бағытын бекітті.

Осыған байланысты 2019 жылдан бастап «Журналистика және репортер ісі» білім беру бағдарламалары тобы бойынша бакалаврлар мен магистрлерді даярланып келеді.

2020 жылы «Журналистика» білім беру бағдарламасы мазмұны сақтала отырып «PR-журналистика» деп жаңғыртылуы (ребрендинг) нәтижесінде «қолданыста» мәртебесімен білім беру бағдарламалары тізбесіне енгізілді.

Осы мамандық бойынша мамандар даярлау күндізгі оқыту және қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып, күндізгі оқыту түрлері бойынша қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.

«Журналистика» және «PR-журналистика» білім беру бағдарламалары үш бағыт бойынша: «Тележурналистика», «Мерзімді басылымдар» және «Интернет журналистика» салалары бойынша жүргізіледі және қазіргі заманғы отандық медиа саласындағы озық жаңа дәстүрлерге сай келеді.

«Журналистика» кафедрасының студенттері журналистика саласындағы білімдерді меңгерген және газетке арналған мәтіндер жазу, теле- және радиохабарларды эфирге даярлау және шығару дағдыларын үйренген және интернет жүйесіне ақпараттық

материалдарды жазып, орналастыра біледі.

«Журналистика» кафедрасының түлектері аудандық, облыстық және республикалық БАҚ-тарда, баспасөз қызметтерінде, PR-компанияларда қызмет істеп жүр.

«Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 2018 жылы жүргізілген білім беру бағдарламалары рейтингінде еліміздің 24 жоғары оқу орнының арасында үздік деп танылып, 1-ші орынды, ал 2019 жылы 2-ші орынды иеленді.

Осы аталған рейтинг нәтижесі бойынша М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті отандық жоғары оқу орындарының ішінде үздік ондыққа кірді.

Оқытудың сапасын қамтамасыз ету мақсатында ғылыми зерттеулер мен білім беру арасында тығыз байланыс орнатылған.

Мысалы, 2019-2020 жылдары «Журналистика» білім беру бағдарламасы бойынша АҚШ халықаралық даму агенттігінің (USAID) қолдау көрсетуі бойынша қаржыландыру көлемі 1 400 000 теңге болатын «MediaCamp» Орталық Азия бағдарламасы негізінде ғылыми жоба жүзеге асырылды. Бұл жобаға «Журналистика» кафедрасының меңерушісі, ф.ғ.к., доцент А.Ж. Шайкенова жетекшілік етеді.

«Журналистика» кафедрасының студенттері «Журналистика және репортер ісі» білім беру бағдарламалары тобы бойынша республикалық олимпиадаларға белсене қатысып келеді.

М. Қозыбаев атындағы СҚУ медиаорталығында кафедраның техникалық базасы бар. 2016 жылдан бері медиаорталыққа «Журналистика» кафедрасының түлегі Д.А. Халимова жетекшілік етеді.

«Журналистика» кафедрасының студенттері аптасына екі рет қазақ және орыс тілдерінде университеттің барлық саладағы тыныс-тіршілігі туралы ақпарат таратып отырған «Парасат» телевизиялық студиясында жұмыс істейді.

2016 жылдан бері «Журналистика» кафедрасы теорияны өндіріспен ұштастыра оқытуға бағытталған дуалды оқыту жүйесін тәжірибеге енгізе бастады. Тәжірибелік бағыттағы кейбір пәндер «Qyzyjag» телевизиялық арнасында және «Солтүстік Қазақстан»

газетінде өткізіледі. Білім алушы жастар медиаорталықта үйренген білігі мен дағдыларын оқу барысында іс жүзінде пайдалануды меңгерген.

Қазіргі таңда М. Қозыбаев атындағы СҚУ Тарих, экономика және құқық факультетінің «Журналистика» кафедрасындағы «Журналистика» және «PR-журналистика» білім беру бағдарламалары бойынша 128 студент пен магистрант білім алып жүр.

«Журналистика» кафедрасында белгілі ғалымдар – филология ғылымдарының кандидаты, профессор Зарқын Сыздықұлы Тайшыбай, филология ғылымдарының кандидаты (PhD), қауымдастырылған профессор Мырзантай Қожабайұлы Жақып, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Айсұлу Жақсылыққызы Шайкенова, сонымен бірге аға оқытушылар, магистрлер Татьяна Александровна Морозова, Ерлан Еркемұлы Оразов, Валерия Станиславовна Островская, Мария Андреевна Пономаренко, Әшекей Жұмағұлқызы Сәуірбаева, Гүлгүл Қуатқызы Төлешева, Нұргүл Қарасайқызы Ахметова қызмет істейді.

Біз барлық бітіруші түлектерімізді, студенттерімізді, магистранттарымызды және әріптестерімізді Kozuybayev University – М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде мемлекеттік қазақ тілінде «Журналистика» білім беру бағдарламасы ашылғанына – 20 жыл, «Журналистика» кафедрасының құрылғанына – 5 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Мы от душ и поздравляем наших выпускников, студентов, магистрантов и коллег с 20-летним юбилеем открытия образовательной программы «Журналистика» на государственном казахском языке, а также с 5-летием кафедры «Журналистика» факультета Истории, экономики и права Kozuybayev University – Северо-Казахстанского университета имени М. Козыбаева!



## ҚОЗЫБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ҚАЗАҚ-ФРАНЦУЗ СЕРТИФИКАТТАУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛАДЫ

«AVA QAZAQSTAN» Қазақстан Республикасына ауыл шаруашылығындағы жануарлар мен құстарға вакцина жеткізумен айналысады.

Бұл француздық ветеринарлық фармацевтикалық компания мал мен құсқа арналған дәрі-дәрмектер мен вакциналарды зерттеуге, әзірлеуге, өндіруге және сатуға мамандандырылған. Оның өкілі Ферхат Бильтекин кездесуде: «Біз Қазақстанда

кәсіпкерлікті дамытуға ниеттіміз. Ал, Қозыбаев университетімен жобамыз дәл біздің технологияларды енгізумен байланысты. АҚШ, Ресей, Түркия, Еуропа сынды әлемнің түкпір-түкпірінде біздің өкілдеріміз бар. Компоненттердің әрқайсысы үшін біз халықаралық мамандарды тренингке тартатын боламыз», - деп мәлімдеді.

Алдымен олар Қозыбаев университетіндегі Агротехнологиялық факультеттің оқытушыларын жаттықтырушы ретінде дайындауды жоспарлап отыр. Олар аймақтағы студенттер мен фермерлерге білім беру қызметін көрсете алады.

Осы мақсатта Университетте ауыл шаруашылығы жануарларын вакцинациялауды үйрету үшін сертификаттау орталығы ашылады.

Мамандандырылған аудитория «айна кеңсесі» қағидаты бойынша жобаланады және барлық қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталады. Біздің студенттер мен оқытушылар үшін сертификаттар тегін берілетін болады.

Қозыбаев университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Ерлан Шуланов: «Біздің университет түлектердің еңбек нарығында сұранысқа ие маман болуы үшін қажетті қаражат бөледі. Дипломнан басқа, олар жұмыс берушілер ұсынған халықаралық танылған компаниядан арнайы сертификат алады. Жергілікті студенттер, болашақ зоотехниктер, жануарларды вакцинациялаудың француз технологияларын меңгере алады. Демек, Солтүстік Қазақстан облысына осы сала жаңа серпіліс береді», - деп атап өтті.

Бұл ауқымды жобаның бастауы Қозыбаев

университеті мен серіктес компаниялар арасында ұшжақты ынтымақтастық туралы меморандумға қол қоюға бағытталды.

Оқу орталығын ашу үшін әріптестеріміздің біздің университетті таңдауы кездейсоқ болған жоқ. Агротехнологиялық факультеттің білім беру бағдарламалары дәстүрлі түрде республикадағы 10 үздіктің қатарына кіреді. Заманауи ғылыми зерттеулер, оның ішінде ҚР Білім және ғылым министрлігінің гранттары және Қытай, Ресей және басқа елдердің шетелдік серіктестерімен бірге жүргізілуде.

Агротехникалық факультеттегі 750 студенттің 90%-дан астамы грантта оқиды, бұл – студенттердің жоғары білімдері мен ынталарының көрсеткіші. Іс-шараға облыстағы ірі шаруа қожалықтарының белсенді ветеринарлары, технологтары мен мамандары қатысты. Олардың қатарында «Мәмбетов және К» КС, «Қызылжар Сүт» ЖШС, «Арқалық» ШҚ, сондай-ақ, ветеринарлық станция мен СҚО әкімдігінің ветеринария басқармасының өкілдері болды.

Сонымен қатар, шара барысында халықаралық компаниялардың өкілдерімен және жергілікті ғалымдармен тәжірибе алмасу үшін Университетте ұйымдастырылған диалог алаңында ауыл шаруашылығы жануарларының жағдайын жақсарту тақырыбы да көтерілді.

[#Kozybayevuniversity#KU](#)



# ПЕТРОПАВЛДАҒЫ ҚОЗЫБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНЕ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕ МӘРТЕБЕ БЕРІЛГЕНІ ЖӨН

2021 жылдың 06 мамырында Петропавл қаласына АҚШ-тағы Аризона университетінің өкілдері келгені белгілі.

Екі айдан кейін, 2021 жылдың 29 шілдесінде ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Аризона университетінің (АҚШ) делегациясымен бейнебайланыс режимінде кездесті.

Кездесу барысында Аризона университеті мен отандық жоғары оқу орындары арасындағы стратегиялық серіктестік, ғылыми және академиялық даму мәселелері талқыланды.

Осы кездесуде АҚШ-тағы Аризона университетінің өкілдері Қазақстанның бірқатар жоғары оқу орындарына барғандарын, соның ішінде М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті стратегиялық серіктес ретінде қарастырылып отырғанын еліміздің Президентіне айтқан еді.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің ресми мәліметіне сүйенсек, біздің студенттеріміз Қозыбаев университетіндегі оқуын жалғастыра отырып, АҚШ-тың беделді жоғары оқу орны Аризона университетінің дипломын ала алады.



Яғни М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің студенттері осындай мүмкіндікке ие болып отыр.

АҚШ-тағы беделді жоғары оқу орны өкілдерінің Қазақстанға сапары кезінде біздің Білім және ғылым министрлігі, Аризона университеті және Қозыбаев университеті арасында арнайы меморандум жасалды.

Жуырда осы бағыттағы үшжақты ынтымақтастықты нығайту үшін ұйымдастыру іс-шаралары өткізілетін болады.

Жасалған келісімдер аясында отандық Қозыбаев университеті екі ғасырдан астам тарихы бар американдық жоғары оқу орнының тәжірибесін кеңінен қолданатын болады.

Америкалық оқытушылар қазақстандық әріптестерімен студенттердің зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған оқыту технологияларымен бөліседі.

Аризона университеті Қозыбаев университетінің студенттері мен оқытушылары үшін өзінің цифрлық кітапханасы мен білім беру ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар Аризона университеті Солтүстік Қазақстан университетінің студенттерін бірлесіп оқыту үшін Петропавл қаласына өздерінің оқытушыларын жібереді.

Сабақтарды ағылшын тілінде өткізу жоспарланғандықтан, отандық Қозыбаев университетінде дайындық бөлімі – foundation ашылады.

Осылайша, Қозыбаев университетінің түлектері бірден екі университеттің дипломын алады.

Сондай-ақ ҚР Білім және ғылым министрлігінің

ресми мәліметтеріне сүйенсек, Петропавл қаласындағы Nazarbayev University үлгісіндегі жаңа халықаралық жоғары оқу орны Қозыбаев университетінің жанынан еншілес ұйым ретінде құрылады.

Қозыбаев университетінің жанынан ашылатын жаңа халықаралық жоғары оқу орнының білім беру бағдарламалары халықаралық серіктестермен бірге Nazarbayev University үлгісінде ұйымдастырылатын болады.

Алғашқы кезде Қозыбаев университетінің жанынан ашылатын Nazarbayev University үлгісіндегі жаңа жоғары оқу орнының арнайы оқу ғимараттары, профессор-оқытушылары, өзіндік мәдениет-дәстүрі өз алдына дербес болады.

Қозыбаев университетінің жанынан ашылатын Nazarbayev University үлгісіндегі жаңа жоғары оқу орнының жобалық құжаттамасы қазіргі кезде дайындалып, мамандар даярлау бағыттары анықталып жатыр.

Алдағы уақытта Қозыбаев университетінің үздік және дарынды студенттері Nazarbayev University тәжірибесі бойынша ашылатын жаңа халықаралық жоғары оқу орнына ауысуға мүмкіндік алады.

Яғни 2022 жылдан бастап Петропавл қаласында екі жоғары оқу орны жастарымызға сапалы білім бере бастайды.

Олар – Nazarbayev University тәжірибесі бойынша ашылатын жаңа халықаралық жоғары оқу орны және М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті.

Ендеше, жастардың Петропавл қаласындағы Қозыбаев университетіне деген қызығушылықтарын одан әрі арттыра түсу

үшін мемлекеттік деңгейде бірқатар шұғыл шараларды қолға алған жөн деп ойлаймыз.

Біріншіден, Манап Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетіне ерекше мәртебе берілуі қажет.

Яғни Қозыбаев университетінің еліміздің Солтүстік аймағына қоныс аударатын жастардың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен техниканың жетістіктері негізінде қалыптасуына, дамуына және кәсіби орнығуына елеулі үлес қосатын ерекшелігі басты назарға алынуы керек.

Қозыбаев университеті ұлттық университет деңгейіндегі ерекше мәртебеге ие болуы керек.

Тиісінше, Қозыбаев университетінің студенттері мен магистранттарының, докторанттарының стипендиясы, профессор-оқытушылары мен қызметкерлерінің еңбек жалақысы ерекше ұлттық мәртебедегі жоғары оқу орнына лайықты жоғары деңгейде төленуі қажет.

Екіншіден, агротехнология, инженерлік және цифрлық технологиялар, математика және жаратылыстану ғылымдары, сондай-ақ әлеуметтік-гуманитарлық, педагогикалық ғылым салалары бойынша студенттер мен магистраттарға, докторанттарға мемлекеттік қазақ тілінде сабақ беретін профессор-оқытушыларды Қозыбаев университетіне басқа қалалардан қызметке шақыру керек.

Үшіншіден, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетіне шақырумен келген және студент-жастарға мемлекеттік қазақ тілінде дәріс оқитын білікті профессор-оқытушылар мен мамандарды олардың отбасы мүшелерінің санына қарай Петропавл қаласындағы мемлекеттік тұрғын үй қорынан қызметтік тұрғын жаймен қамтамасыз ету қажет.

Біздің ойымызша, мемлекеттік деңгейде осындай шаралар шұғыл қолға алынса, Солтүстік өңірдегі саяси-стратегиялық өткір мәселелерді еліміздің ұлттық мүддесі тұрғысынан дұрыс шешуге және Солтүстік Қазақстанда ұлттық идеологияны қалыптастыруға оңтайлы жол ашылар еді.

**Мырзантай Қожабайұлы ЖАҚЫП,**  
“Парасат” газетінің бас редакторы,  
“Журналистика” кафедрасының  
аға оқытушысы

## ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ АРТАДЫ

2021 жылдың қыркүйек айынан бастап Қозыбаев университеті педагогтерінің жалақысы 200 мың теңгеден басталады. Ал, оқу жүктемесі 900 сағаттан 680 сағатқа дейін төмендейді. Бұл жаңа білікті кадрларды тартуға оң септігін тигізеді.

Алайда, профессор-оқытушыларға қойылатын талаптар да артады. Университетке жұмысқа қабылдау кезінде рецензияланған ғылыми журналдарда мақалалардың болуы, педагогтік үдеріске жаңа білім беру технологияларын енгізу ескеріледі.

Сондай-ақ, оқытушылардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыру, ЖОО кітапханасын жаңа оқулықтармен, электрондық кітаптармен толықтыру жоспарланған. Мұның бәрі жаңа оқу жылынан бастап білім беру қызметтерінің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Осындай жаңғыру кезінде Қозыбаев университеті студенттерінің оқу ақысы бұрынғы деңгейде қалуы мүмкін емес.

Бұрын кейбір мамандықтардың оқу құны жылына бар-жоғы 145 мың теңге болатын. Айта кеткен жөн, бұл сома бір студенттің оқу шығындарын өтей алмайды. Ал, әрбір мемлекеттік грант үшін республикалық бюджеттен 990 мың теңге бөлінеді. Сондықтан Қозыбаев университетінің Директорлар кеңесі қашықтан оқыту технологиясын қолдана отырып, бакалаврларды оқытудың ең төменгі құнын 270 мың теңге деңгейінде белгіледі.

«Университет студенттердің шығындары өсуін түсіне отырып, төлемнің икемді мүмкіндіктерін, соның ішінде бөліп төлеуге де рұқсат берілмек, - деді Қозыбаев университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Ерлан Шуланов. – Бұл ретте ҚР заңнамасында университеттерде сырттай немесе толық қашықтан оқыту форматы көзделмеген. Қашықтан оқыту технологиясын қолдана отырып оқитын студенттер альма-матер қабырғасында өткізілетін сабақтарға кем дегенде аптасына бір рет қатысуы керек. Біреуі күн сайын келемін десе, енді біреуіне кешкі оқыту форматы ыңғайлы болып отыр. ЖОО студенттердің қажеттіліктерін ескере отырып, осы шарттардың барлығын сақтауға дайын».

Толық күндізгі оқу форматының төлемі шамамен 440 мың теңгені құрайды. Студенттердің 90%-ының оқу ақысы орташа есеппен 50-60 мың теңгеге көтерілді.

Бүгінде Қозыбаев университетінде бакалаврлардың 45%-ы ақылы негізде оқиды. Магистратура мен докторантурада оқу құны өзгермейді.



### ВАЖНО! ИЗМЕНЕНИЯ В ПРОЦЕДУРЕ ПРИЕМА В МАГИСТРАТУРУ И ДОКТОРАНТУРУ

В текущем учебном году в докторантуру Kozubayev University выделено 14 грантов по 6 группам образовательных программ, освоено – 7. В магистратуру поступили 125 человек.

Теперь у тех, кто по каким-либо причинам не смог добрать необходимые для зачисления баллы, появится второй шанс уже через 2 месяца.

Министерством образования и науки РК внесены изменения в

Правила приема в магистратуру и докторантуру высших учебных заведений. Теперь вступительные экзамены будут организованы дважды в год: традиционно в августе и дополнительно в декабре.

Прием документов стартует в ноябре. Национальным центром тестирования будет организовано повторное проведение КТ и вступительных экзаменов.

А так как по итогам предыдущего приема в магистратуру и докторантуру остались неприсужденные государственные гранты, абитуриенты смогут претендовать на них зимой.

Всего в нашем университете обучаются 321 магистрант (211 по гранту) и 26 докторантов.

#KozubayevUniversity#KU  
www.nku.edu.kz





## ОЗЕЛЕНИЕ KOZYBAYEV UNIVERSITY С ПОМОЩЬЮ НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

В настоящее время озеленение городской среды – это тренд современного общества. Kozybayev University тоже в теме и поддерживает идею создания университетской экосистемы. В рамках этого нашей альма-матер совместно с офисом устойчивого развития Nazarbayev University и компанией «Шеврон Мунайгаз Инк.» был объявлен конкурс инновационных проектов. Он запущен в трех университетах страны для создания комфортной зеленой среды в кампусах.

Студенты, преподаватели и сотрудники представили специальной комиссии свои работы, которые позволят решить реальные экологические проблемы вузов. Так, 4 научных проекта Kozybayev University получили высокую оценку жюри и спонсорскую помощь в размере 2 100 000 тенге. Плюс 200 000 тенге софинансировал наш вуз.

Один из проектов уже завершен. Это работа группы молодых ученых Факультета математики и естественных наук во главе с Гульнур Мажитовой: «Использование ГИС-технологий для озеленения территории кампуса СКУ им. М. Козыбаева».

В ходе его реализации была разработана геоинформационная система университета, которая представляет собой электронную карту студгородка и базу геоданных. Она состоит из нескольких модулей и содержит информацию о каждом корпусе, объектах инфраструктуры, дорожных сетях, парковочных местах. Также представлены сведения об имеющейся на территории кампуса древесно-кустарниковой растительности, цветниках и газоне.

А мы в скором времени увидим территорию Kozybayev University совершенно другой: более зеленой, красивой и, самое важное, экологически чистой!

[#KozybayevUniversity#KU](#)  
[www.nku.edu.kz](http://www.nku.edu.kz)

## ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ҚОЗЫБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІН ЖАСЫЛДАНДЫРАМЫЗ

Оқу ордамыз университеттік экожүйені құру идеясын қолдайды. Осы шара аясында біздің жоғары оқу орнымыз Назарбаев Университетінің тұрақты даму офисімен және «Шеврон Мунайгаз Инк.» компаниясымен бірге инновациялық жобалар байқауын жариялады. Бұл оқу кампустарында жайлы әрі жасыл орта құру үшін еліміздің үш университетінде іске қосылды.

Студенттер, оқытушылар мен қызметкерлер арнайы комиссияға Университеттің экологиялық проблемаларын шешуге мүмкіндік беретін өз жұмыстарын ұсынды.

Біздің Университетіміздің 4 ғылыми жобасын қазылар алқасы жоғары бағалап, 2 100 000 теңге көлемінде грант жеңіп алды. Оған қоса 200 000 теңгені біздің жоғары оқу орнымыз бірлесіп қаржыландырды.


Жобалардың бірін жүзеге асыру аяқталған. Ол – Гульнур Мажитова бастаған Математика және жаратылыстану факультеті жас ғалымдар тобының «Қозыбаев университетінің кампус аумағын көгалдандыру үшін геоақпараттық жүйелер технологияларын пайдалану» жобасы.

Оны жүзеге асыру барысында университеттің геоақпараттық жүйесі әзірленді. Ол студенттік қалашықтың электрондық картасы және геоақпараттар базасы болып табылады. Ол бірнеше модульден тұрады және әр оқу корпусы, инфрақұрылым нысандары, жол желілері, тұрақ орындары туралы ақпаратты қамтиды.

Сондай-ақ жобада кампус аумағындағы жасыл желектер, гүлзарлар мен көгалдар туралы мәліметтер ұсынылған. Мұның бәрі Университеттің кеңістіктік құрылымын талдауға, болжауға және оңтайландыруға, оны көгалдандыру мен абаттандыруға шексіз мүмкіндіктер ашады. Жүйе өсімдіктердің түсі мен гүлдену уақытын ескере отырып, гүлзарларға орналастырылуын жобалауға мүмкіндік береді.

Енді Қозыбаев университетінің аумағы жасыл желекке толы және ең бастысы экологиялық таза ортаға айналады!

[#KozybayevUniversity#KU](#)  
[www.nku.edu.kz](http://www.nku.edu.kz)



# БАЛҒЫНДАРҒА АРНАЛҒАН

## «МЕКТЕПКЕ ЖОЛ»

«Мектепке жол» дәстүрлі жалпы республикалық акциясы аясында Қозыбаев университетінің оқытушылары мен қызметкерлерінің балаларына мектепке қажетті барлық құралдар табысталды.

Игі шара біздің Университетіміздегі «Nur Otan» партиясының «Болашақ» филиалының қатысуымен бірнеше жыл қатарынан өткізіліп келеді.

Демеушілердің арқасында рюкзактар мен

дәптерлер, күнделіктер мен қаламдар, қарындаштар сатып алынды.

Ата-аналар мен балалар Университеттің қайырымды істеріне ризашылығын білдіріп, қуанышымен бөлісті. Акцияға бастауыш сыныбының оқушылары қатысты.

Жаңа оқу жылында табыстар мен жетістіктер тілейміз! Балғындар болашақта біздің университетті таңдайды деп сенеміз!



## «ДОРОГА В ШКОЛУ» ЧЕРЕЗ УНИВЕРСИТЕТ

В рюкзаках тетради, ручки, карандаши, обложки, ластики и другие канцтовары, необходимые в школьных буднях.

Все это вручили детям преподавателей и сотрудников Kozybayev University в рамках традиционной общереспубликанской акции «Дорога в школу».

В нашем вузе она проводится при участии филиала «Болашақ» партии

«Nur Otan» уже много лет подряд. Благодаря спонсорам закупили комплекты школьных принадлежностей. Дети и их родители были искренне рады получить подарки.

Участие в акции приняли учащиеся начального звена, для которых путь к знаниям только начинается.

Надеемся, через несколько лет ребята придут в Университет уже в качестве студентов!

[#KozybayevUniversity#KU](#)

[www.nku.edu.kz](http://www.nku.edu.kz)



## СТУДЕНТЫ ПРОЕКТА «СЕРПІН» ТРУДОУСТРАИВАЮТСЯ НА НОВЫЕ ЗАВОДЫ

В Kozybayev University состоялось выездное заседание Республиканского общественного совета по развитию образования и науки при партии «Nur Otan» под председательством депутата Мажилиса Парламента РК Жулдыз Сулейменовой.

На встрече обсуждались вопросы развития среднего и высшего образования в регионе. Тем, какими темпами идет строительство и модернизация школ, а также реализация проекта «Жас маман», поделилась с участниками совещания руководитель управления образования СКО Гульмира Каримова.

В ходе беседы Председатель Правления – Ректор Kozybayev University Ерлан Шуланов рассказал об эффективности реализации проекта «Серпін», о совершенствовании университета через модель Nazarbayev University и подготовке высококвалифицированных педагогических кадров для новых школ и вузов.

В Kozybayev University состоялось выездное заседание Республиканского общественного совета по развитию образования и науки при партии «Nur Otan» под председательством депутата Мажилиса Парламента РК Жулдыз Сулейменовой



«Один из важных вопросов в повестке дня сегодня в Северо-Казахстанской области это строительство и модернизация сельских, общеобразовательных школ. Для этого требуется подготовить как можно больше высококвалифицированных молодых специалистов», - отметила депутат Мажилиса Парламента РК Жулдыз Сулейменова.

Затем состоялась встреча с профессорско-преподавательским составом университета, где наши учёные смогли задать волнующие их вопросы депутату Мажилиса Парламента и получить ответы.

Больше всего преподавателей интересовала учеба студентов, обучающихся по проекту «Серпін». В этом году их выпуск составит 300 студентов по 25 образовательным программам. После окончания вуза они успешно трудоустраиваются на завод «CLAAS», Петропавловский электротехнический завод и т.д. В 2020 году уровень их трудоустройства составил 90%.

Также гости ознакомились с ходом строительства нового 11-этажного учебно-лабораторного корпуса, оборудованного по последнему слову техники. Это позволит снизить отток выпускников в российские и зарубежные вузы.

В целом, делегация положительно оценила работу, проведенную в Kozybayev University, и выразила поддержку дальнейшему развитию научно-исследовательской деятельности вуза.



[#KozybayevUniversity#KU](https://www.kozybayevuniversity.kz)  
[www.nku.edu.kz](http://www.nku.edu.kz)

## СОЛТҮСТІКТЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МӘРТЕБЕСІ БИІКТЕЙ ТҮСТІ!

### ҚОЗЫБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ» БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША 70-ТЕН АСТАМ ЖАС ТҮЛЕК МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ ГРАНТЫН ҰТЫП АЛДЫ

Петропавл қаласындағы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің Аймақтық өкілі ретінде биылғы көктем мен жаз мезгілдерінде төрт ай бойы тыным көрген жоқпыз.

2021 жылғы 28 наурыз – 28 шілде аралығында «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» («Серпін») жобасы бойынша Алматы, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда және Маңғыстау облыстарының мектеп бітірушілеріне кәсіптік бағдар беру жұмыстары қызу жүргізілді.

Біздің басшылығымызбен 2021 жылғы 28 маусым – 25 шілде аралығында Шымкент қаласындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің қабылдау комиссиясы ғимаратында (Шымкент қаласы, Ғани Илияев көшесі, 16-үй, 107-кабинет) М. Қозыбаев ат. СҚУ Аймақтық өкілдігі жұмыс істеді.

<https://www.facebook.com/mzhakup/posts/4324681077612742>

Тиісінше, қол жеткізген нәтижеміз де жемісті болды деп ойлаймыз.

Қозыбаев университетіне бөлінген мемлекеттік білім грантын жеңіп алған талапкерлердің саны 797-ге жетті және оқуға түскен жас түлектердің басым бөлігін Оңтүстік өңірлерінің мектеп бітірушілері құрап отыр.

Осы орайда, ерекше атап өткіміз келетін бір маңызды мәселе бар.

Петропавл қаласындағы Қозыбаев университетіне «B016 – Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламалары тобы бойынша мемлекеттік білім грантын ұтып алған жас түлектердің саны бұрынғы жылдарға қарағанда биыл ерекше артып отыр.

Атап айтсақ, «B016 – Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламалары тобына педагогикалық квота бойынша – 48, колледжден кейінгі күндізгі қысқартылған оқу нысаны бойынша – 4, «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» («Серпін») жобасы бойынша – 20, барлығы 72 талапкер Қозыбаев университетін таңдап, білім грантымен оқуға түсті.

Қазіргі таңда Петропавл қаласына келіп, қабылдау комиссиясына құжаттарын тапсырып, жатақханаға орналасып жатқан бүгінгі студент – Қазақ тілі мен әдебиеті саласының болашақ маман-мұғалімдеріне Қозыбаев университеті Тіл және әдебиет институтының құрамындағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының білікті профессор-оқытушылары сапалы білім беруге сақадайсай дайын отыр.

Түйіндеп айтсақ, Солтүстік Қазақстан облысында мемлекеттік қазақ тілінің мәртебесі әрқашан да биікте болады!





## ҚОЗЫБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ ӨЗІНІҢ БАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАЙДЫ

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті өзінің ақпараттық саясатында Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңын және басқа да заңнамалық актілерді ұстанады.

Ағымдағы жылдың қыркүйектің 6-сы күні студенттерді жатақханаға орналастыру мәселесіне қатысты университет қызметкерлері журналистер мен БАҚ өкілдері алдында мемлекеттік және орыс тілдерінде 2 сұхбат берді.

Біріншісі, орыс тілінде, сағат 16.30-да өтті. Спикер: Апергенова Рената.

Екіншісі, мемлекеттік тілде, сағат 17.25-те өтті. Спикер: Оспанова Гүлмира.

Қазір жаңа оқу жылы басталып кетті. Спикерлер БАҚ өкілдеріне сұхбат беруге жұмыс кестесінің ыңғайына қарай қатысуға тырысады.

«Qazaqstan» телеарнасының командасы университетке сағат 16.30-да келді. Бұл кезде кесте бойынша спикер орыс тіліндегі сұхбатқа дайындалған еді.

Тілшілер тарапынан оған қазақ тілінде сұрақтар қойылды.

Бұл Facebook желісінде жарияланған бейнероликте көрсетілді.

«Qazaqstan» телеарнасының өкілдері мемлекеттік тілді меңгерген спикермен кездесіп, көкейтесті сауалдарын

қойып, оған қажетті жауап ала-алмағанына өкінеміз.

Дегенмен, студенттердің жатақханаға орналасуы туралы барлық ақпарат уақытында екі тілде БАҚ-қа ұсынылып отырды.

Мемлекеттік тілді білу, оны құрметтеу – әрбір Қазақстан азаматының міндеті, біз оны өте жақсы түсінеміз және ол қағидатты ұстанамыз. Заман талабына сай университет қызметкерлері мемлекеттік тілде, орыс және ағылшын тілдерінде сөйлеуге, сұхбат беруге тырысады. Осыған орай, университет қызметінің барлық салаларында мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтіп, оны дамыту үшін барлық жағдайларды жасаймыз.

Университет ұжымында жергілікті халықпен бірге өзге ұлттың өкілдері де шоғырланған. Барлық қызметкерлер үшін қазақ тілі өзінің ана тілі болмағандықтан оны қажетті көлемде меңгеруге үлгере бермейді. Мұндай жағдайда біз мемлекеттік тілді игеруге ұмтылатындардың бәріне қолдау көрсету маңызды деп есептейміз.

Сондықтан біз қоғамдық айыптау мен жеке айыптауды қолайсыз деп санаймыз.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Университет өзінің барлық қызметкерлерінің ұлтына және тіліне қарамастан құқықтарын қорғайтын болады.

## КОЗЫБАЕВ УНИВЕРСИТЕТ БУДЕТ ЗАЩИЩАТЬ ПРАВА ВСЕХ СВОИХ РАБОТНИКОВ

В своей информационной политике Козыбаев Университет придерживается Конституции Республики Казахстан, Закона Республики Казахстан «О языках в Республике Казахстан» и других законодательных актов.

6 сентября Университетом были проведены 2 интервью на двух языках, для журналистов и представителей СМИ касательно вопроса заселения студентов в общежития.

Первое было проведено в 16.30. Спикер – Апергенова Рената, язык интервью – русский.

Второе было проведено в 17.25. Спикер – Оспанова Гүлмира, язык интервью – казахский.

В настоящее время идет начало учебного года. Спикеры стараются участвовать в интервью в соответствии с возможностями рабочего графика.

Команда Телеканала «Казахстан» прибыла к Университету в 16.30. В этой связи спикеру, выступающему на русском языке, были заданы вопросы на казахском языке. Это и было продемонстрировано в видеоролике, размещенном в сети Фейсбук.

Мы сожалеем, что команда телеканала «Казахстан» не имели возможности встретиться и задать вопросы спикеру, выступающему на казахском языке. Тем не менее, вся

информация о заселении в общежитии своевременно и на двух языках была представлена СМИ.

Для всех нас казахский язык является государственным и официальным языком. Спикеры от Университета выступают на казахском, на русском и английском языках. Коллектив Университета является интернациональным и многоязычным сообществом. На сегодня не для всех работников Университета казахский язык является родным и не все успевают освоить его в необходимом объеме. В этой ситуации мы считаем важным оказать содействие, поддерживать всех, кто стремится к овладению государственным языком.

При этом считаем недопустимым общественное порицание и публичную травлю.

В соответствии с законодательством Республики Казахстан, Университет будет защищать права всех своих работников вне зависимости от национальности и языкового признака.

## ҚОЗЫБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНДЕГІ «СЕРПІН» ЖОБАСЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСЫП ЖАТЫР



Қозыбаев университетіне ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Жұлдыз Сүлейменова ның төрағалығымен «Nur Otan» партиясы жанындағы білім мен ғылымды дамыту жөніндегі республикалық қоғамдық кеңестің көшпелі отырысы өтті. Кездесуде өңірдегі орта және жоғары білім беруді дамыту мәселелері талқыланды.

СҚО Білім басқармасының басшысы Гүлмира Кәрімова кеңеске қатысушылармен мектептердің құрылысы мен жаңғыртылуы, сондай-ақ, «Жас маман» жобасының іске асырылу қарқынымен бөлісті.

Кеңес барысында Қозыбаев университетінің Басқарма төрағасы – Ректор Ерлан Шуланов «Серпін» жобасын жүзеге асырудың тиімділігі, Nazarbayev University моделі арқылы университетті жетілдіру және жаңа

мектептер мен ЖОО үшін жоғары білікті педагогикалық кадрларды даярлау туралы сөз қозғады.

«Солтүстік Қазақстан облысында күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі – ауылдық, жалпы білім беретін мектептердің құрылысы мен жаңғыртылуы. Ол үшін барынша жоғары білікті жас мамандарды дайындау талап етіледі», - деп атап өтті ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Жұлдыз Сүлейменова

Сондай-ақ, университеттің профессорлық-оқытушылық құрамымен кездесу өтті. Онда біздің ғалымдарымыз Парламент Мәжілісінің депутатына өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, нақты жауаптар алды. Оқытушыларды «Серпін» жобасы бойынша білім алып жатқан студенттердің оқу жүйесі мәселесі де қызықтырды. Биыл 25 білім беру бағдарламасы бойынша 300 студент оқуын аяқтамақ. Студенттер ЖОО тәмамдаған соң, «CLAAS» компаниясына, Петропавл электротехникалық зауытына және т.б. кәсіпорындарға еш кедергісіз жұмысқа

орналасады. Мәселен, 2020 жылы олардың жұмысқа орналасу деңгейі 90% құрады.

Өңірімізде болып қайтқан Мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменова бастаған жұмыс тобы жаңа 11 қабатты оқу-зертханалық корпусстың құрылыс барысымен танысты. Аталмыш заманауи ғимаратта заманға сай ең қажетті мамандық иелері даярланбақ. Ал, бұл шекаралас ресейлік немесе шетелдік университеттерге қарағанда, жергілікті ЖОО таудауға зор үлесін қоспақ. Жалпы, делегация Kozybayev University-де жүргізіліп жатқан жұмыстарға оң баға беріп, ЖОО-ның ғылыми-зерттеу қызметін одан әрі дамытуға қолдау білдірді.

[#KozybayevUniversity#KU](https://www.kozybayevuniversity.kz)  
[www.nku.edu.kz](http://www.nku.edu.kz)





## В KOZYBAYEV UNIVERSITY ВРУЧИЛИ ПЕРВЫЙ СЕРТИФИКАТ «1С: ПРОФЕССИОНАЛ»

Kozybayev University стал единственным среди вузов Республики Казахстан, где открыт Центр сертификационного обучения «1С: профессионал» на основе современных программных продуктов.

Четверо наших педагогов прошли подготовку по категории тренеров и получили возможность обучать других. В Петропавловске таких официальных образовательных провайдеров ещё 2, а по Казахстану – 13.

Преимущество нашего центра среди них в том, что студенты смогут получить сертификат во время освоения учебных дисциплин по своей образовательной программе. Для них эти знания абсолютно бесплатны.

Первой ласточкой, обучавшейся с 1 по 30 июля, стала Александра Евтихова. Она успешно сдала квалификационный экзамен по 1С-бухгалтерии.

В торжественной обстановке ей был вручен соответствующий сертификат, признанный сообществом бухгалтеров РК. Студентка 2 курса выразила благодарность вузу за такую возможность, ведь с полученными

компетенциями, она сможет быстрее трудоустроиться.

Об этом же говорил и Председатель Правления – Ректор Kozybayev University Ерлан Шуланов. Он отметил, что работодатели сегодня заинтересованы в специалистах, которые имеют не только высокие теоретические и практические знания, но и прикладные профессиональные навыки. Вуз нацелен готовить именно таких выпускников. Ведь сертификат «1С: профессионал» подтверждает, что молодой человек готов к современному рынку труда.

С гордостью за свою дочь и дрожью в голосе от переполняемых эмоций, выразила благодарность университету и мама Александры Евтиховой. Она отметила, что для её ребёнка сертификат «1С: профессионал» станет проводником в профессию.

В будущем сертификационные центры планируется открыть и на других факультетах университета.

[#KozybayevUnivrity#KU](https://www.kozybayevuniversity.kz)  
[www.nku.edu.kz](http://www.nku.edu.kz)

**«ПАРАСАТ» ГАЗЕТИ**

1996 жылдың 22 наурызынан бастап шығады.

**МЕНШІК ИЕСІ:**

«М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

**БАСПАҒЕР:**

«М. Қозыбаев ат. СҚУ» КЕАҚ Тарих, экономика және құқық факультетінің «Журналистика» кафедрасы.

**БАС РЕДАКТОР:**

Мырзантай Қожабайұлы Жақып.

Есепке қою туралы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2013 жылғы 25 ақпандағы №13400-Г күелігі берілді.

Таралымы 10 дана.  
Газет ай сайын шығады.  
Тапсырыс нөмері 148.

**ГАЗЕТА «ПАРАСАТ»**

издается с 22 марта 1996 года.

**СОБСТВЕННИК:**

Некоммерческое акционерное общество «Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева».

**ИЗДАТЕЛЬ:**

Кафедра «Журналистика» факультета Истории, экономики и права НАО «СКУ им. М. Козыбаева».

**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:**

Мырзантай Қожабайұлы Жақып.

Свидетельство о постановке на учет №13400-Г выдано Министерством культуры и информации РК от 25.02.2013 года.

Тираж 10 экз.

Газета выходит 1 раз в месяц.

Номер заказа 148.

# Біздің қатарымызға қосыл! Присоединяйся к нам!



Редакцияның мекен-жайы:  
150000, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы,

Мағжан Жұмабаев көшесі, 114 үй,

«М. Қозыбаев ат. СҚУ» КЕАҚ-ның №6 оқу ғимараты,

215 кабинет, «Парасат» редакциясы.

Адрес редакции:

150000, Северо-Казахстанская область, г. Петропавловск,

улица им. Магжана Жумабаева, дом 114,

учебный корпус №6 НАО «СКУ им. М. Козыбаева»,

кабинет 215, редакция «Парасат».